

**"Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 5 тамыздағы № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 6 тамызда № 34895 болып тіркелді

#### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32364 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

4-тармақтың 2) және 3) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

2) бақылау-өткізу пункті – адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізууді, тексеріп қарауды қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

3) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдардың және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;";

72- тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Паспорт Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бірлескен бұйрығымен бекітілген Террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына (бұдан әрі – үлгілік паспорт) сәйкес екі данада жасалады, электрондық нұсқасы қатар әзірленеді.";

125-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"125. Объектіні инженерлік-техникалық жабдықпен жараптандыру жөніндегі іс-шараларды аяқтау мерзімі:

1) аумақтық тізбелерге кіретін объектілер үшін объектіге террористік түрғыдан осал мәртебе деген беру туралы хабарлама алынған;

2) ведомстволық тізбеке кіретін объектілер үшін объектіге террористік түрғыдан осал деген мәртебе берілген сәттен бастап 6 айдан аспайды.

Бұл ретте объектішілік бейнебақылау жүйелерін ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қосу мерзімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-ке (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген ) бұйрығымен бекітілген Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында белгіленеді".

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министри

A. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі